

Рахманкүл БЕРДІБАЙ

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

*По установленному мнению
жырауская поэзия развивалась в — 15-18
веках. В статье поднимается вопрос о
продолжении традиции жырауской поэзии
в связи с историческим и социальным
положением на основе творчество
Махамбета*

*Makalede bugüne kadar söylenildiği gibi,
Kazak halkı ozanlık geleneginin XV-XVIII.
asırlarla sınırlı kalmayıp, çeşitli tarihi ve sosyal
olaylarla ilgili olarak daha sonraki dönemlerde
de devam ettiği görüşü Mahambet eserleri esas
alınarak, detaylı bir şekilde incelenmektedir.*

Қандай да болмасын көркем шығарманың қадір-қасиеті, өнегесі, өміршеңдігі жалпы елге ортақ, ешқашан мәнін жоймайтын армандар мен мұраттарды әрі көркем, әрі шыншыл көрсете алғандығымен белгіленбек. „Өлең қонып өткен,“ қазақ жерінде теңіздей толқып, кемерінен асып төгілген ұшы-қиырсыз поэзия мүлкінің ең таңдаулылары ғана уақыт сынынан өтіп, біздің дәуірімізге жеткен. Бұдан бір жарым мың жыл бұрын тасқа таңбаланған Орхон жазуларындағы „тізеліні бүктіріп, кеуделіні еңкейттім“ деп келетін өктем жолдар әлі күнге дейін әсерлі естілетіні шындықтың көркем бейнеге бөленіп айтылғандығынан болса керек. Әрбір дәуірдің халық тарихында із қалдырған үлкен оқиғаларын ірі сомлап, қуатты жинақтап суреттеген өлеңдердің қауымды тәрбиелеп, адамдық, азаматтық шарттарын насихаттауда мәні ерекше күшті болатыны сондықтан. Осы себептен қазақ поэзиясының белгілі кезеңдерінде туған, көркемдік дамуында із қалдырған мұраны қазіргі заман талап-тілектерімен салыстырып, олардағы мәңгілік құндылықтарды қайта жанғырта сөз ету қажеттігі кәміл.

Халқымыздың сан ғасырлық өлең қазынасында айрықша орны бар, бітімі бөлек, өрнегі өзгеше жыраулар поэзиясының тәуелсіздік туын көтерген еліміздің бүгінгі және болашақ мүддесіне рухтас келетін қырлары мен сырлары қаншалық деген сұраққа жауап іздеп көрсек, сол поэзияның қазіргі қазақ аламының ойы мен үмітіне үндес келетін тұстары аз емес екендігіне көз жеткендей болады.

Бізге жырау және жыраулық поэзия деген анықтама негізінен алғанда XV-XVIII ғасырларда жасаған көркем сөз зергерлеріне қатысты айтылады [1]. Ал даңқты жыраулар Қазтуған Сүйіншіұлы, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз Тіленшіұлы, Жиёмбет Бартоғашұлы, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау туралы байсалды ғылыми талдаулар алғаш рет М.Мағауиннің „Қобыз сарыны“ монографиясында берілгені белгілі. Осы аталған жыраулардың көркем сөзден тұрғызған күмбезі арада сан ғасырлар өтсе де, сымбатын да, сырын да сақтап, інжу-маржан көркемдік байлығымыз болып келе жатқаны дүниедегі ғажайыптың бірі болып елестейді. Ұлы жыраулар заманынан бері қарай қазақ жерінде алуан түрлі оқиғалар, күрделі өзгерістер болып өтсе де, олардың жырындағы саф алтындай дұрдана ойлар, халқымыздың санасын нұrlандырып, адамдық биіктікке, асқақ ерлікке, тот баспайтын намыстылыққа, өмірдің парқы мен нарқын ғарыштық өлшеммен тұтас тануға үндеп келеді. Енді сол сарындардың кейбір әуенін еске түсіріп

көрейік:

Асан қайғының:

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады, — деген екі-ақ шумақ өлеңінде табиғат құбылысы мен адам өмірінің мәңгілік заңдылықтары қорғасындай қорытылып, түрі мен мазмұны бірегей бітімдескен. Бұл өлең философиялық лириканың қол жетпестей биік үлгісі ретінде жаһан поэзиясының шоқтығындай деңгейге көтерілген. Асан қайғы жырларының басым сарыны елдің жайлы қоныс, берекелі тірлігін сақтап қалу камына саяды. Жырау қазақ жеріне аузын арандай ашқан дұшпанның арам пиғылын сезбей, жер, шекара мәселелерін ешкіммен кеңеспей, білермендік жасап, бір өзінің еркімен ғана шешкен ханның кешелігін ашық айыптайды.

Ей, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіннен басқа хан жоқтай,
Өзеуреп неге сөйлейсің?[2]

Ел даналарының ақыл-кеңесін тәрік етіп, даңғойлыққа салынған ханның қаншалықты қасіретті қателік жібергеніне қазақ халқының Ресейге кіріптар болған тарихы әбден көз жеткізді ғой. Бұл жағдай Жәнібек маңындағы Асан қайғыдай, Абылай құзырындағы Бұхар жыраудай кеменгер ойшылдардың орны мен сөзі әр заманда да қымбат болып қала беретінін дәлелдейді. Ел басқарған үкімдарға қарата айтылған, „ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама, жеңемін деп біреуді, өтірік сөзбен қостама” дегендері біздің заманымыздың адамдарына да ой саларлық. Батыс демократиясынан үйренеміз деп, әр елдің үлгісіне еліктеп, нағыз қазақ дәстүріне лайық даму жолын таба алмай жүрген қазіргі кезімізде жыраулар қалдырған өсиет, нақыл сөздің терең сырына түсіну және оны құбыланама етіп ұстау аса маңызды.

„Нәпсі алдаушы дұшпанның, насихатын алмағын” дейді тағы бір өлеңінде Асан қайғы. Бұл сөздердің астарына көз жүгірту де басшы атаулыға парыз. Қазақстан ауылшаруашылығын қайта оңалмастай етіп тұралатуымызға шетелдік „кенесшілердің” жымьсқы ақылгөйлігі кесір болғанын бұл күнде екінші бірі түсінетіндей болды.

Асан қайғыдан басталып, Бұхар жырауға дейін жалғасқан толғау дәстүріндегі басты сарынның бірі — ел билеушілердің мемлекет тұтастығын,

бірлігін көздің қарашығындай сақтауға міндеттілігі. Осындай талапқа сай келмейтін хандарды жыраулар батыл әшкерелейді. Шалғез жыраудың Би Темірге айтқан сөздері бұл айтқанымыздың жарқын мысалы. Жырау ел билеушінің орнын, лауазымын құрметтей, тіпті мадақтай отырып, намысқа, кемсітуге шыдамайтын мінез танытады, айбарлы әкіммен терезесі тең адамдан сөйлеседі.

Алп-алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсін.
Жазылы алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсін.
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың!... [3]

Би Темірді осыншама ардақ тұтқан жырау кезегі келгенде айбар, сес көрсетеді.

Жаксыннан мені кем көрдің,
Жаманынмен тең көрдің.
Жаксыннан мені кем көрсен.
Жаманынмен тең көрсен,
Ұялы берікке қос артың,
Сен есенде, мен сауда
Ырысымды сындайын
Сегіз қиыр шартараптан іздермін. [4]

Кіммен де болса тең сөйлесетін рух өрлігі жырауларға тән мінез. Шалғез дүйім елді уысында ұстап тұрған Би Темір алдында төменшіктемей, ақиқатты бетіне айтады, көкірегін көкке көтерген ұлықтың басы жұмыр пенде екенін есіне салады.

Елден аққан сызашық

Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді.

Телегейдей сайқалтып
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе, тәңірі етті;
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе, тәңірі етті. [5]

Ел билеушілердің тағы мен тәжін құрмет тұта отырып, бойындағы мінін жалтақтамай кесіп айта білушілік жыраулар поэзиясын ерекше тартымдылыққа бөлейді. Жырау сөзі – қашан да халық сөзі. Ендеше халықтық ойдың биігінен айтылған сөз жігерлі, өтімді, айбарлы болмақ. Қазіргі заман поэзиясында да дәл осындай жақсылық пен кемшілікті бар дауыспен айта алатын қасиет көбірек болса, оның тәрбиелік салмағы арта түсер еді. Бізде қоғамның, ел көсемдерінің алдындағы ұлы міндеттерді шындықтың диалектикасын сақтай отырып сөйлеу жетіспейді. Көптеген өлеңдерде қазіргі кезеңге тән олқылықтар ғана тізіліп көрсетілгенімен, олар біржақты мұң, нала, сын болып естіледі. Ал биік мұратпен нұрланбаған сын

мен мін кейде бірыңғай қаралау секілді әсер қалдыратыны болады. Сондықтан акын, жыраудың аңсары анық, көздегені елдік арман болмаған жерде өлең, поэзияның сыны сынампаздық, мұңы дәрменсіздік секілді әсер қалдыруы мүмкін.

Жыраулық поэзиядағы мәңгі тот баспас сарын — халық, ел көлеміне көтерілген ерлік. Осы себептен де ондағы ерлік мадағы әсіре, қызыл жағанды сөз емес, қайратты тұлғаның жүрек жарды, өр даусы болып жаңғырады. Мәселен, Қазтуғанның:

Будыраған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті
Айдаса койдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Үстаса кашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соны,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шайқаған жалғызы,
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!!![6]

Мұндай сөздер жаугершілік заманның акын-жырауына тән әсірелеу. Бұл өлеңдер қазақ халқының азаттықтан айрылмаған намысты, өжет заманының рухына тән. Қазіргі поэзияда Қазтуған толғауының пафосы, жалаң қайталануы мүмкін еместей. Дегенмен жыраулық поэзияның өрнегі ел өмірінің жолайрық толқынды кезеңдерінде қайта жанданбайды деп кесіп-пішіп айту қиын...

Негізгі тақырыбы — ел қорғау, ерлік, батылдык, бірлік, намыстылық болып келетін поэзия, осы кезге дейін зерттеушілеріміз тұжырымдап келгендей, XV-XVIII ғасырлар шеңберімен ғана шектеліп қалмағанын көреміз. Жыраулық поэзияға тән белгілер одан берідегі ғасырлар жырында да орын алып келгеніне мысал көп.

Бұл кезге дейін XIX ғасырдағы қазақ поэзиясын бірыңғай ақындық өнер туындысы қатарына қосып келдік. Дегенмен, осы аталған кезеңде де классикалық жыраулық поэзия дәстүрінің жалғасқанын көреміз. Мұндай тұжырым жасауға бір Махамбет шығармашылығының өзі толық мүмкіндік береді. Махамбет өлеңдерінің дені түр және мазмұны жағынан жыраулық поэзияның төл туындысы деп есептеуге лайық. Мұның себебін, біріншіден, Батыс Қазақстан өңірінде ежелгі жыраулық поэзияның ізі суымағанына, бұл дәстүрдің тамырын терең жайғанына байланысты болса, екіншіден, XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей ордасында қауымды дүрліктірген ірі қайшылықтар мен күрестердің дүмпуі, „ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса

шығады, деп Асан қайғы айтқандай, ерлік пен асқақ намыстылыққа негізделген жыраулық поэзияның қайта жаңғырып шығуына серпін берді. Жерден, жайылымнан қатты қысым көрген шаруалардың 1836-1837 жылдарлағы Жәңгір ханға қарсы көтерілісі қазақтардың ертеден жалғасып келе жатқан, „ет қызуы” суымаған ерлік поэзиясының қайта өршуіне объективтік жағдай туғызды.

Махамбет жырларында жыраулық дәстүрге тән ерекшеліктің „төрт құбыласы,, түгел табылады. Жасынан жыраулық өлең мұхитында еркін жүзген акын Жәңгір хан билеушілігі душар еткен төтен қыспаққа, не өмір, не өлім дейтіндей тағдыр „тандауына,, бетпе-бет келгенде ежелгі ерлік поэзиясының „бес қаруын,, түгелдей жаңғыртып, ертедегі Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, кейініректегі Бұхарлардың сарынын „таныс, бейтаныс,, өрнектеп қайта тірітті; тақырыбының кеңдігі, ойларының тегеуріндігі сол дәстүрдің неғұрлым толық та тұнық шырайын елестетеді. Акынның кейбір толғаулары ауызша тараған шығармаларға тән формулалық қайталаулар нышанын танытады.

Қоғалы көлдер, құм сулар,
Кімдерге қоныс болмаған?
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?
Басына жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған?
Таңлап мінген тұлпарлар
Иесін қайда жауға салмаған?
Құландар ішпес бұршақ қак
Кімдерге шербет болмаған?
Садағына сары шіркей ұялап
Жау іздеген ерлерің
Қайда басы қалмаған?
Ішелік те желік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік, —
Ойласаңдар, жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған?[7]

Осы толғаудың бір деммен шыққандай „ерлік дәуіріне” тән жолдарын қайта-қайта оқи бергің келеді. Мұндай асқақ та әсем жолдарды біз Шалғез өлеңдерінен де ұшыратамыз. Бірақ, мұндай „қайталама” тіркестерге таңғалуға болмайды. Ауызша тараған ұлы эпостардың жүздеген, мыңдаған жолдары осындай жолмен сақталған, бірден-бірге тараған. Қазақ эпосындағы батырлардың жекпе-жек ұрысы, аттың шабысы т.б. тұстар дастаннан дастанға „көшіп” келгені мәлім. Сахалардың(якуттардың) эпосында түйдек-түйдек көлемді тараулар бірінен екіншісіне араласып, жалғасып отыратыны анық. Мұндай заңдылықтан жыраулар поэзиясы да сыртқары тұра алмайды. Сондықтан бұрынғы жыраулар поэзиясымен кейде аз, кейде көп ұқсастығы Махамбет жырларының міні деп қарауға болмайды. Қайта дүние жүзілік өлең назым мүлкінде теңдесі жоқ жыраулар мұрасының нәрін, әрін жоғалтпай,

жаңа жағдайға байланысты шыңдап, көркейтіп құлпыртуы, тың мазмұнмен байытуы, ұлы ақынның өшпес тарихи еңбегі деп білу керек.

Махамбет шығармаларының басым бөлегі рухы, мазмұны, пішіні жағынан бұрынғы жыраулық поэзияның барлық шартына сай, өзгеше көркемдік әлем. Ал күрделі сонылығы – XIX ғасырдың отызыншы жылдарындағы нақтылы тарихи, әлеуметтік ақуал суреттерінің берілуі, қаһарманның арманына жете алмаған ұлы өкініш шерлері мұнда бүкіл халықтық ансарман үндес шығады. Нақтырақ айтсақ, қазақ халқының теңдік, азаттық үшін соғысының мақсатына жете алмай, қырғынға ұшырауы – Махамбет жырларының ұлы өзегін құрайды.

Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді.
Исатайды өлтіріп,
Серкесінен айрылып,
Сергелден болған біздің ел...[8]

Аттанып едім көп үшін,
Дұшпанда кеткен сол көптің
Ежелден бергі кегі үшін.
Таршылық басқа түскенде
Қапаланам мен дағы
Қаумалаған қасымда
Қарындастың кемі үшін...[9]

Исатайдан айрылып,
Алкалай келген кеңесте
Дем құрыған, күн болған...[10]

Шақырғанмен келер ме,
Кешегі менің арыстаным,
Өзі шын барар жерін тапқан соң,
Егізінен айрылып,
Мен бір аққу болдым халықтан соң...[11]

Бұл пәнидің жүзінде
Махамбеттей зарығып,
Мұңды болған қайда бар?...[12]

Дәстүрдің жалғасуы деген бұрынғы іздерді шиырлау емес, жанрдың өзіне тән сипаттарын сақтай отырып, жаңа кезеңдер туғызған болмысты суреттеуге саяды. Осы тұрғыдан алып қарағанда Махамбет толғаулары жанрдың жаңа өрісіне ұласқан құбылыс. Ел үшін күрес жолына түскен ерлердің арманына жете алмай, күштілерден тепкі көріп, сергелден мен сарсаңға түскен шағының әрі қасіретті, әрі қайсар сырларын, өткендегі өр істерін еске алып, сол дәуреннің қайтып оралмайтынына наласын айту жыраулық поэзияның жаңа сапаға көшкен өзгеше үлгісі деп қарауға болады. Ерлердің елден, ағайын-туыстан жырақ кетуге мәжбүр болып, қиыншылық,

жалғыздық көріп шығарған, еркіндікті аңсаған, өлеңдері ноғай, құмық поэзиясында “қазақ жырлары” деген атпен жеке жанр ретінде қаралатыны белгілі. [13] Махамбеттің де өзі бастаушылардың бірі болып қатысқан шаруалар көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейінгі жылдардағы толғауларында кездесетін торығу, тарығу сарындарынан осыған ұқсас белгілерді ұшыратамыз. [14]

Қайрыла алмай барамын
Қайран да қалған еліме.
Амандаспай аттандым
Ата-ана, қарыма
Жолығыспай жөнелдім
Тәңірі қосқан жарыма... [15]

Терезеден телміріп,
Ағайын мен туғанды
Бір көруге зар болдык... [15]

Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,
Үйде жатқан жігітке
Төбеден тегін атақ болар ма? [15]

Қазақтан бір күнт кетті деп,
Біздерге нәубет жетті деп,
Бұзылды көңлім жыларға-ай! [15]

Ата-енені сөктіріп,
Ат басына соқтырып,
Нәлет десең болмас па?
Осынау біздің жүрген жүріске! [15]

Қайтеін енді, дүние-ай,
Жағдайсыз кетіп барамын,
Қасымда көмектің кемінен.
Ертеден кешке дейін зарласам,
Бермей ме екен құдайым
Біздей тарыққан ердің тілегін?! [15]

Біз бұл мақалада XV-XVIII ғасырларда кемеліне келіп, жанрлық сипаттарын жарқырата танытқан жыраулық поэзияның кейбір жалпы белгілерін сөз ете келіп, ол поэзияның „шеңбері” аталған ғасырлармен шектеліп қалмай, замана талаптарына сәйкес одан кейін де жалғаса түскенін Махамбет жырларын мысалға келтіре отырып тұжырымдауды көздедік. Сондай-ақ жыраулық толғауларда көзделген мұраттардың біздің заманымызда да қуаты сарқылмағанын, ол дәстүрдің белгілі бір „ағын” ретінде кейінгі дәуір поэзиясының да ауқымында көрінуі мүмкін екенін де ескерттік. Бұл өзі арнайы зерттеуге лайық күрделі мәселе. Жыраулық поэзия өрнектерінің XX

ғасырдың ұлы ақыны Жамбылдың шығармашылығында, тіпті қазіргі кейбір ақындар туындыларында бой көрсетуі де қызғылықты құбылыстар. Бірақ олар дербес зерттеудің тақырыбы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан А. О носителях древнего поэтического искусства казахского народа. 1960; Исмаилов Е. Ақындар. 1956; Мағауин М. Қобыз сарыны, 1968; Сыдықов Х. Ақын, жыраулар, 1974.
2. Бес ғасыр жырлайды. А, 1984, 26 бет.
3. Сонда 43 бет.
4. Сонда 43 бет.
5. Сонда 43 бет.
6. Сонда 31 бет.
7. Махамбет. Жыр-Семсер. 1979, 17 бет.
8. Сонда 102 бет.
9. Сонда 103 бет.
10. Сонда 107 бет.
11. Сонда 111 бет.
12. Сонда 113 бет.
13. Ноғай халық йырлары. М. 1959, 20 б.
14. Махамбет. Жыр-Семсер... 17 бет.
15. Сонда 29,31,38,50,62 беттер.